**Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Кіріс министрлігінің 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1826. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 634 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.30 N 634 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне K010209_ ( Салық кодексі) сәйкес

Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының салық төлеушілерін мемлекеттік тіркеу және тіркелу есебінің ережесі бекітілсін.

2. Ақпараттық технологиялар департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы 2 сәуірден пайда болған қарым-қатынастарға таралады.

Министрдің м.а.

Қазақстан Республикасы
Кіріс министрлігінің 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесі

Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің K010209_ (Салық кодексі) 523, 524, 531-баптарына сәйкес әзірленді және салық төлеушінің тіркеу нөмірін алу, өзгерту және жою, салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу мен тіркеу есебіне алу тәртібін айқындайды.

## 1. Салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу

1. Осы Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

1) ҚР ТСАЖ - салық төлеушілерді тіркеу мен есепке алуды жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасының бірыңғай тұтастандырылған салықтық ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - Жүйе);

2) Тіркеу деректері - салық төлеушінің тіркеу туралы өтінішіндегі ақпарат бар салық төлеуші туралы деректер, соның ішінде салық төлеушінің тіркелу нөмірі, салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы, орналасқан орны, қызметін жүзеге асыратын орны, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің орналасқан және (немесе) тіркелген орны, салық төлеушінің құрылтайшылары немесе құрылтайшылығы туралы деректер, салық төлеушінің банктік шоттары туралы мәліметтер;

3) Салық төлеушінің тіркелу нөмірі (бұдан әрі - СТН) - салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеу және Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізіліміне ол туралы деректерді енгізу кезінде салық төлеушіге берілетін барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша біртұтас нөмір.

2. Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің тіркелу нөмірін ала отырып, салық төлеушілер ретінде мемлекеттік тіркеу келу тәртібінде салық төлеушінің өтініші негізінде жүргізіледі.

3. Салық төлеуші тіркелу үшін тиісті салық органына мынадай нысандар бойынша тіркеу туралы өтініш береді:

001.00-нысан - осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жеке тұлға, соның ішінде жеке кәсіпкерлік қызметті, адвокаттық қызметті, жеке нотариалды қызметті жүзеге асыратын салық төлеушіні (Қазақстан Республикасының резиденті) тіркеу туралы өтініш

002.00-нысан - осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес шаруа (фермер) қожалығы ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын салық төлеушіні ( Қазақстан Республикасының резиденті) тіркеу туралы өтініш

003.00-нысан - осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес жеке тұлға, соның ішінде жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын салық төлеушіні (Қазақстан Республикасының резидент емесі) тіркеу туралы өтініш

004.00-нысан - осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес заңды тұлға, филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше салық төлеушіні (Қазақстан Республикасының резиденті) тіркеу туралы өтініш

005.00-нысан - осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес заңды тұлға, филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше салық төлеушіні (Қазақстан Республикасының

резидент емесі) тіркеу туралы өтініш 006.00-нысан - осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше салық төлеушіні тіркеу туралы өтініш (заңды тұлға толтырады) 007.00-нысан - осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес шаруа (фермер) қожалығы, жеке тұлға ретінде кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын, соның ішінде жеке кәсіпкерлік қызметті, адвокаттық қызметті, жеке нотариалды қызметті жүзеге асыратын салық төлеушіні есептен шығару туралы өтініш 008.00-нысан - осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес заңды тұлға салық төлеушіні, филиалды, өкілдікті, құрылымдық бөлімшені есептен шығару туралы өтініш 008.01-нысан - Қосымша нысан. Осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес салық төлеушінің банктік шоттары туралы мәліметтер 008.02-нысан - Қосымша нысан. Осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес салық төлеушінің құрылтайшылары туралы мәліметтер 008.03-нысан - Қосымша нысан. Осы Ереженің 11-қосымшасына сәйкес салық төлеушінің құрылтайшылығы туралы мәліметтер 008.04-нысан - Қосымша нысан. Осы Ереженің 12-қосымшасына сәйкес контрагенттер (салық агенттері) туралы мәліметтер 008.05-нысан - Қосымша нысан. Осы Ереженің 13-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы резидент емесінің өкілдігі туралы мәліметтер 008.06-нысан - Қосымша нысан. Осы Ереженің 14-қосымшасына сәйкес резидент еместің Қазақстан Республикасында салық салу объектісінің болуы туралы мәліметтер 009.00-нысан - осы Ереженің 15-қосымшасына сәйкес салық органымен электронды құжаттар алмасу туралы салық төлеушінің өтініші 009.01-нысан - осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес салық органымен электронды құжаттар алмасудан бас тарту туралы салық төлеушінің өтініші 009.02-нысан - осы Ереженің 17-қосымшасына сәйкес электронды құжаттар алмасу кезінде электронды цифрлық қол қоюды пайдалану және тану туралы келісім.

4. Заңды тұлғаның өтініші бойынша ол тікелей бағынысты болып табылатын бөлімшеге Салық төлеушінің куәлігін берместен, оның өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшесіне СТН беруі мүмкін.

## 2. Тіркеу есебі

5. Салық төлеушілерді тіркеу есебі салық төлеуші салық органдарында салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу рәсімінен өткеннен кейін жүзеге асырылады және:

1) салық төлеушінің болу және (немесе) орналасқан және (немесе) қызметін жүзеге асыратын орнын;

2) салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің тіркелген және (немесе) орналасқан орнын;

3) салық төлеушінің тіркелу деректерінде ағымдағы өзгерістердің тіркелгенін

тіркеумен аяқталады.

6. Салық төлеуші тіркеу есебіне қою кезінде мынадай құжаттарды береді:

1) заңды тұлғалар, резидент құрылымдық бөлімшелер үшін: 004.00-нысан бойынша өтініш;

006.00-нысан бойынша өтініш (егер құрылымдық бөлімше салық төлеушіні тіркеу туралы өтініш беруші құрылымдық бөлімшені құрған заңды тұлға болып табылған жағдайда);

мемлекеттік немесе орыс тіліндегі құрылтайшы құжаттардың белгіленген тәртіпте расталған көшірмелері;

филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше туралы ережелердің (филиалдар, өкілдіктер, құрылымдық бөлімшелер үшін) белгіленген тәртіпте расталған көшірмелері;

заңды тұлға үшін мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту және филиалдар, өкілдіктер үшін тіркеу (қайта тіркеу) есебіне алыну фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжаттың белгіленген тәртіпте расталған көшірмелері;

статистика органы берген құжаттың (статистикалық карточка) белгіленген тәртіпте расталған көшірмелері;

басшының тағайындалуы туралы бұйрықтың көшірмесін (филиалдар, өкілдіктер, құрылымдық бөлімшелер үшін);

бюджетпен есеп бойынша жауапты қызметкерді тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі;

Қазақстан Республикасындағы заңды мекен-жайы немесе орналасқан орнын растайтын құжаттың көшірмесі;

заңды тұлғаның салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуші ретінде оның филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімшесін тіркеу туралы өтініші;

2) Тұрақты мекеме құра отырып Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар үшін: 005.00-нысан бойынша өтініш;

006.00-нысан бойынша өтініш (егер құрылымдық бөлімше салық төлеушіні тіркеу туралы мәлімдеуші құрылымдық бөлімшені құрған заңды тұлға болып табылған жағдайда); Қазақстан Республикасында филиал құру туралы резидент емес заңды тұлға уәкілетті органы шешімінің көшірмесі; көрсетілген шешім болмаған жағдайда - оның негізінде Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шарттың көшірмесі тапсырылады, 006.00-нысан бойынша өтініш берілмейді;

мемлекеттік немесе орыс тіліндегі құрылтайшы құжаттардың белгіленген тәртіпте расталған көшірмелері;

мемлекеттік немесе орыс тіліндегі филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше туралы ережелердің (филиалдар, өкілдіктер, құрылымдық бөлімшелер үшін) белгіленген тәртіпте расталған көшірмелері;

белгіленген тәртіпте расталған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен филиал, өкілдік басшысы (басқарушысы) немесе оның орынбасарына резидент емес заңды тұлға берген сенімхат;

бюджетпен есеп бойынша жауапты қызметкерді тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі.

Әділет органдарында тіркеу есебінен өткеннен кейін 10 күнтізбелік күн ішінде резидент емес заңды тұлға:

- тіркеу есебі туралы куәліктің белгіленген тәртіпте расталған көшірмесін;

- статистика органы берген құжаттың белгіленген тәртіпте расталған көшірмесін (статистикалық карточка) беруге міндетті;

3) Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар үшін:

005.00-нысан бойынша өтініш;

белгіленген тәртіпте расталған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен инкорпорация туралы сертификат немесе резидент емес заңды тұлға тіркелген орган, тіркелген нөмірі, тіркеу күні және орны туралы ақпараты бар, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе бір мүшесі Қазақстан Республикасында болып табылатын халықаралық шартқа сәйкес заңдастырылған ұқсас сипаттағы басқа құжат (құру арнайы тіркеуді талап етпейтін ұйымдардан басқа);

белгіленген тәртіпте расталған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен құрылтайшы құжаттардың немесе қызметті жүзеге асыруға құқық алу туралы ақпараты бар өзге де құжаттардың белгіленген тәртіпте расталған көшірмелері; белгіленген тәртіпте расталған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен соның негізінде Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын келісім-шарттың көшірмесі; 4) Дипломатиялық өкілдіктер үшін: 005.00 -нысан бойынша өтініш; Қазақстан Республикасындағы құқықтық мәртебесін растайтын және айқындайтын құжаттардың белгіленген тәртіпте расталған көшірмелері; заңды мекен-жайын растайтын құжаттың көшірмесі немесе орналасқан орны туралы мәлімет; 5) Халықаралық ұйымдар үшін: 005.00-нысаны бойынша өтініш; мәлімдеушінің Қазақстан Республикасындағы мәртебесін растайтын құрылтайшы құжаттардың белгіленген тәртіпте расталған көшірмелері; заңды мекен-жайын растайтын құжаттың көшірмесі немесе орналасқан орны туралы мәлімет; 6) Резидент жеке тұлғалар: 001.00 немесе 002.00-нысандары бойынша өтініш (салық төлеуші кәмелеттік жасқа толмаған жағдайда, ата-анасы немесе басқа заңды өкіл қол қояды); 7) Резидент емес жеке

тұлғалар: 003.00-нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; Қазақстан Республикасында болған мерзімін айқындайтын құжаттың көшірмесі; Қазақстан Республикасында болған орнын (орналасқан жерін) растайтын құжаттың көшірмесі; 8) Жеке кәсіпкерлер:

001.00 немесе 002.00-нысандары бойынша өтініш (салық төлеуші кәмелеттік жасқа толмаған жағдайда, ата-анасы немесе басқа заңды өкіл қол қояды);

жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің белгіленген тәртіпте расталған көшірмесін.

### 3. Салық төлеушінің тіркелу деректерінің өзгеруі

7. Салық төлеуші көрсеткен өтініштегі тіркелу деректері өзгерген жағдайда, салық төлеуші өтініш нысанында "Тіркеу деректерінің өзгеруі" операциясының түрін көрсетеді және осы өзгерістерді растайтын құжаттардың көшірмелерін береді:

1) заңды тұлғаның, құрылымдық бөлімшенің орналасқан орны, соның ішінде Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын қызметі өзгерген кезде:

орналасқан орнының өзгеруін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) жеке тұлғаның, соның ішінде жеке кәсіпкердің тұрғылықты жері (орналасқан орны) өзгерген кезде:

орналасқан орнының өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі немесе жаңа тұрғылықты жері туралы тіркеген органнан алған анықтаманың көшірмесі;

3) заңды тұлға, құрылымдық бөлімше, соның ішінде Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент еместің таратылуына байланысты:

Салық төлеушінің куәлігі немесе оның көшірмесі;

қызметін ерікті тоқтатқаны туралы шешім қабылдаған жағдайда - қызметін тоқтату туралы тіркеген органнан алынған бұйрықтың көшірмесін;

сот шешімі бойынша қызметін тоқтатқан жағдайда - сот шешімінің көшірмесін;

заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері қызметін тоқтатқаны туралы өкімгерлік құжаттардың көшірмелерін;

4) жеке тұлға қайтыс болған жағдайда, мұрагерлері не уәкілетті тұлғалары:

қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесін;

Салық төлеушінің куәлігін береді.

8. Заңды тұлғаның таратылуы, қайта ұйымдастырылуы не жеке тұлғаның қайтыс болуы кезінде, олар иеленген салық төлеушінің тіркелу нөмірі жарамсыз болып есептеледі. Салық төлеушіге қайталап берілуі мүмкін емес.

9. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаның

салық төлеушінің нөмірі есептен шығару туралы өтініш тіркелген сәттен бастап жарамсыз деп танылады. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған заңды тұлғаларға осы Ережеде көзделген тәртіпте жаңа салық төлеушінің тіркелу нөмірі берiледi.

10. Салық төлеушінің тіркеу деректеріндегі барлық өзгерістерді салық төлеушілерді тіркеу үшін материалдар әзірлеумен айналысатын салық органының бөлімі Жүйеге енгізуге міндетті.

## 4. Тіркеу есебінен шығару

11. Салық төлеуші тіркеуден шығу үшін тиісті салық органына мынадай нысандардың бірі бойынша тіркеу есебінен шығару туралы өтініш береді:

007.00-нысан - шаруа (фермер) қожалығы, жеке тұлға ретінде кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын, соның ішінде жеке кәсіпкерлік қызметті, адвокаттық қызметті, жеке нотариалдық қызметті жүзеге асыратын салық төлеушіні есептен шығару туралы өтініш;

008.00-нысан - заңды тұлға, өкілдік, құрылымдық бөлімше салық төлеушінің есептен шығару туралы өтініш.

12. Заңды тұлға, құрылымдық бөлімше, соның ішінде тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент емес қызметін тоқтатқан (таратылған) немесе қайта ұйымдастырылған не жеке кәсіпкердің қызметін тоқтатқан жағдайда, есептен шығару көрсетілген тұлғалар есептен шығару туралы өтінішті берген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде салық органында жүргізіледі. 13. Қызметтің тоқтауына байланысты есептен шығарылған жағдайда, есептен шығару туралы өтініш пен Салық төлеушінің куәлігі (көшірмесі) салық төлеушінің іс қағазына тігіледі. 14. Орналасқан немесе тұрғылықты орнын ауыстыруына байланысты есептен шығарылған жағдайда, есептен шығару туралы өтініш салық төлеушінің іс қағазына тігіледі. 5. өтініштерді толтыру тәртібі 15. Өтініштер нысанын:

1) әділет органдарында мемлекеттік (есептік) тіркелу деректеріне және статистика кодтарына сәйкес заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері ;

2) жеке басты куәландырылатын құжаттың деректеріне сәйкес - жеке тұлғалар толтырады.

16. Өтініштерді беруге салық төлеушінің тапсырмасы бойынша уәкілетті тұлға Ереженің 3-тармағындағы көрсетілген жеке басын және осы салық органында салық төлеушіге құқық беруді куәландырылатын құжаттарды салық органына береді.

17. Заңды тұлғалар, құрылымдық бөлімшелердің өтінішіне қол қоюға

құрылтайшы, басшы немесе басқа уәкілетті органның құқығы бар. Бұл ретте, мәлімдеушінің жеке тұлға екендігі:

1) құрылтайшы үшін - деректері құрылтайшы құжаттарындағы деректермен тексерілетін жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен (егер құрылтайшылар бірнешеу болса, салық органында мүдделер беру құқығына сенімхат көшірмесі көрсетіледі);

2) басшы үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және басшы болып тағайындалуы туралы жазбамен (анықтамамен) немесе келісім-шартпен;

3) уәкілетті тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салық төлеушінің өтінішіне қол қою құқығына сенімхат көшірмесімен;

4) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен расталады.

18. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, тазалауға және өшіруге жол берілмейді, "+, /, %, Z" белгілері пайдаланылмайды.

19. Көрсеткіштер болмаған кезде өтініштердің тиісті тор көздері толтырылмайды.

20. 008.01, 008.02, 008.03, 008.04, 008.05 қосымша нысандарында көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша нысандар берілмейді.

Тиісті 008.01, 008.02, 008.03 қосымша нысандарында ақпаратты ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде көрсетілген қосымша міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

21. 009.00, 009.01-нысандарында көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген нысандар берілмейді.

Тиісті 009.00 немесе 009.01-нысанда ақпаратты ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде көрсетілген нысан міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

22. Өтініштер нысандарының бланкілері машина оқитын парақ болып табылады және электронды сканерлеу әдісімен компьютерлік өңдеу талаптарының есебімен әзірленді. 23. Машинамен оқылатын нысандар мыналар болып табылады: 1) Автоматты өңдеуге тиісті толтыру үшін тор көз. Оларда оны алу үшін нысан жасалатын және толтырылатын ақпарат бар; 2) мәнді ақпараты бар (мысалы, ұйым мөрі, қолы), бірақ автоматты түрде танымайтын тор көз; 3) түсіндірме ақпарат - нысандағы кез-келген мәтінді немесе графикалық ақпарат тануға арналмаған. Мысалы, тор көздердің деректемелері (бас тақырыптары), толтыру бойынша кепілдемелер, көмекші жазулар, беттің нөмірлері және т.б. 24. Осы Ереженің 29-тармағының талаптарын орындау өтінішті қабылдау мен өңдеу үшін қажетті шарт болып табылады. 25. Өтініш бланкілерін салық төлеушілер аумақтық салық органдарынан ала алады. 26. Салық комитетінің қабылданған ішкі тәртібіне қатысты өтініш нысандарын өңдеу әдісі мыналар болуы мүмкін: 1) электронды сканерлеу әдісі; 2) жүйеге қолмен енгізу әдісі. 27. Өтініш нысаны

мынадай тәсілдермен толтырылуы мүмкін:

1) өтініш нысанының баспа бланкісін қолмен толтыру. Заттай ақпаратты құрайтын әріптер, сандар және басқа да белгілер бөлек, әрбір белгі - жеке тор көзде жазылады;

2) принтер көмегімен өтініш нысанының баспа бланкілерін толтыру;

3) жазу машинасының көмегімен өтініш нысанының баспа бланкілерін толтыру.

Толтыру осы тармақтың 1)-3) тармақшаларда санамаланған толтыру тәсілдерінің кез-келген айла-шарғысын өзімен береді.

28. Көшіру техникасын пайдаланып, оларды көбейту жолымен өтініш нысандарын алуға үзілді-кесілді жол берілмейді. Бұл жағдайда нысан элементтерінің көлемі мен параметрлерінің өзгеруі мүмкін: шектеу сызығының немесе растрының жуандауы, түс қанықтығының өзгеруі мәтінді тану сапасына теріс әсер береді.

29. Нысанды толтыруға қойылатын талап:

1) Нысандарды тиянақты, бас әріппен, қалам не қаламұшпен, қара немесе көк сиямен толтыру қажет;

2) Өтініш нысанының тіркелген және нақтыланған тор көздер жиынтығы бар. Нақты тор көздің ақпарат түрі оның атауымен қатаң айқындалған. Мысалы, "Тегі " деген тор көзге тегі ғана, "Күні" деген тор көзде - күні ғана орналасуы мүмкін. Компьютерге алдағы күні ақпарат енгізу кезінде, толтырылатын тор көздердегі деректердің ғана мәні болады;

3) Нысанның деректемелері бөліктерге бөлінген арнайы бөлек тор көздерде толтырылады. Әр бөлікке бір ғана белгі (баспа әріпі, сан) енгізіледі;

4) Сан жазылатын тор көздер солдан оңға қарай араб сандарымен толтырылады;

5) әріп жазылатын тор көздер бірінші сол жақтағы тор көзден бастап толтырылады;

6) келесі жолға көшіру сызықшасыз жүргізіледі;

7) егер нысандарды толтыру кезінде, қандай-да бір тор көз толтырылмаса, онда олар бос қалады;

8) "Күні" деген барлық тор көздерге араб санымен күні, ай және жылы жазылады. Сонымен бірге, оған дейінгі күні және айы мынадай үлгіде жазылады: 01, 02, 03, 04, 05, 06, 07, 08, 09, ал жылы міндетті түрде төрт мәнді санмен ( мысалы, 2001, 2002, 2009) толтырылады;

9) егер екі жақты нысанда мөртабан және мөртаңба үшін орын бөлінсе, онда нысанның бір жағында қолданылатын сия келесі жағында орналасқан ақпаратқа әсер етпеуі мүмкіндігін қарастыру қажет;

10) қойылған қолды орналастыру кезінде, осындай блоктары бар нысанды

толтыру кезінде заттай ақпаратқа ақау түсірмеуін қарастыру қажет;
11) өтініштің әрбір парағында сол жоғарғы бұрышта бар болған жағдайда, салық төлеушінің тіркелу нөмірі (СТН) көрсетіледі.
Өтінішке Кодекстің K010209_ 69-бабына сәйкес қол қойылады және расталады.
30. Қызметтік белгі қоюға көзделген тор көзді құжаттарды қабылдау бойынша салық органының маманы толтырады.
31. Нысандарды степлермен тігуге немесе дыроколмен тесуге жол берілмейді.

## 6. Салық төлеушіні, жеке тұлғаны, оның ішінде, жеке кәсіпкерді, адвокаттық қызметін, жеке нотариалдық қызметін тіркеу туралы өтінішті жасау Ережелері (Қазақстан Республикасының резиденті) (001.00-нысан)

32. "Өтініш" бөлімінде салық төлеуші (Өтініш беруші) мынадай деректерді көрсетеді:
1) "Облыс/қала (Облыстар мен аудандардың анықтамалығын қараңыз)" өрісінде Өтініш беруші тіркелетін Облыстар мен аудандардың анықтамалығына ( 18-қосымша) сәйкес салық комитетінің кодын көрсету қажет;
2) егер Өтініш берушіде салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) болса, онда оны 001.00.001 жолының А тармағында көрсету қажет, егер Өтініш берушінің СТН-ы жоқ болса, онда "х" белгісімен "Жоқ" өрісін белгілеу қажет;
3) егер Өтініш беруші СТН алу мақсатында Өтінішті толтырса, оны " Қазақстан Республикасының салық төлеушісін мемлекеттік тіркеу" 001.00.002 жолының А тармағында "х" көрсету қажет. Салық кодексінің K010209_ 521-бабының 4-тармағына сәйкес салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу кезінде, тіркеу есебіне қою жүргізілуі мүмкін, бұл жағдайда, "Тіркеу есебі" 001.00.002С жолының С тармағында "х" көрсету қажет;
4) егер Өтініш берушінің СТН-ы бар болса, бірақ оның тіркеу деректерінде өзгерістер болса, "Салық төлеушінің тіркеу деректерінің өзгеруі" 001.00.002 жолының В тармағында "х" көрсету қажет, бұл жағдайда, өзгерістер болған деректер ғана толтырылады;
5) егер Өтініш берушінің СТН-ы бар болса және ол Салық кодексінің 524-бабына сәйкес тіркеу есебіне тұрса, "Тіркеу есебі" 001.00.002С- тармақта "х" көрсету қажет;
6) егер Өтініш беруші Салық кодексінің 397 және 531-баптарына сәйкес қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін өтініш берсе, онда "х" белгісімен 001.00.004 жолының А-тармағы белгіленеді; егер Өтініш беруші

Салық кодексінің 208-бабына сәйкес ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу үшін өтінішті берсе, онда "x" белгісімен 001.00.004 жолының В-тармағы белгіленеді; егер Өтініш беруші кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін өтініш берсе, онда "x" белгісімен 001.00.004 жолының С-тармағы белгіленеді; егер Өтініш беруші адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін өтініш берсе, онда "x" белгісімен 001.00.004 жолының D-тармағы белгіленеді; егер Өтініш беруші жеке нотариалдық қызметті жүзеге асыру үшін Өтініш берсе, онда "x" белгісімен 001.00.004 жолының Е-тармағы белгіленеді. 001.00.004 жолының барлық тармақтарының комбинацияларын толтыру мүмкін, "Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру (Кодекстің 397-бабы және 531-бабына сәйкес)" тармағын белгілей отырып қажеттілік жағдайында "ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу (Кодекстің 208-бабына сәйкес)" толтырылады;

7) 001.00.005-тармағында Салық кодексінің K010209_ 69-бабына сәйкес салық төлеушінің салық есептілігін беру тәсілі көрсетіледі: электрондық түрде немесе қағаз тасығышта;

8) 001.00.006 жолының А-тармағында "x" белгісімен өтінішті жасау күніне салық төлеушінің Электрондық құжаттар алмасу кезінде электрондық цифрлық қол қоюды пайдалану және тану туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) бар ма көрсету қажет;

9) егер 001.00.006 жолының А-тармағында "Иә" өрісі белгіленсе, онда 001.00.006 жолының В-тармағында Келісімнің нөмірін көрсету қажет;

10) егер 001.00.005-тармағында "А.Электрондық түрде" өрісі белгіленсе, ал 001.00.006 жолының А-тармағында "Жоқ" белгіленсе, онда Өтініш берушіге 009.00-нысан бойынша электрондық түрде салық есептілігін беру туралы өтінішті толтыру қажет.

33. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 001.00.007 жолының А-тармағында мемлекеттік және (немесе) 001.00.007 жолының В мен 001.00.007 жолының С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілінде салық төлеушінің атауы;

2) 001.00.008 жолының А-тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) 001.00.008 жолының В мен 001.00.008 жолының С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілінде салық төлеушінің аты-жөні;

3) егер Өтініш беруші 001.00.008-тармағында салық төлеушінің аты-жөнін көрсетсе, онда 001.00.008 жолының D-тармағында оның туған күні көрсетіледі.

34. "Жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) егер Өтініш беруші Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алу Өтініш берушінің алғысы келсе, онда "Иә" 001.00.09-тармағы "x" белгісімен

толтырылады. Егер "Иә" өрісі белгіленсе, онда Өтініш берушіге Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алуға өтінішті толтыру қажет;

2) егер Өтініш берушінің Салық кодексінің K010209_ 397-бабына және 531-бабына тіркеуге жататын салық салумен байланысты объектілері мен салық салу объектілері бар болса, онда "Иә" 001.00.010 жолында "x" белгісімен көрсету және толтырылған 012, 022, 032, 042, 942 нысандарына өтінішке қоса беру қажет.

35. "Байланыс ақпараты" бөлімінде Өтініш беруші 001.00.011-тармағында Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты орнының мекен-жайын көрсетеді.

36. "Салық органында Өтінішті беру үшін салық төлеушінің уәкілетті тұлғасы " бөлімінде Өтініш беруші өтінішті беру үшін уәкілетті тұлға болуы жағдайында мынадай деректерді көрсетеді:

1) 001.00.012 жолының А-тармағында - салық төлеушінің уәкілетті тұлғасының СТН-ы;

2) салық төлеуші уәкілетті тұлғаның аты-жөні 001.00.013 жолының А-тармағында мемлекеттік тілде және 01.00.013 жолының В және 001.00.013 жолының С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілінде; телефон нөмірі - 001.00.013 жолының D-тармағында; факс нөмірі - 001.00.013 жолының Е-тармағында.

37. "Салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат деректемелері" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 001.00.014 жолының А-В-тармақтарында "x" белгісімен Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат түрі белгіленеді:

жеке басының куәлігі;

немесе туу туралы куәлік (кәмелетке толмағандар үшін);

001.00.014 жолының А және В тармақтарында көрсетілген құжаттар жоқ болған жағдайда, 001.00.014 жолының С тармағында өзге құжат көрсетіледі;

2) 001.00.014 жолының D-тармағында Облыстар мен аудандар анықтамалығына сәйкес - 001.00.014 жолының А, В, С-тармақтарында көрсетілген құжатты берген органның орналасқан жері;

3) 001.00.014 жолының Е тармағында Ведомстволар анықтамалығына (18-қосымша) сәйкес - 001.00.014 жолының А, В, С-тармақтарында көрсетілген құжатты берген органның ведомствосы; 4) 001.00.014 жолының F-тармағында - 001.00.014 жолының А, В, С-тармақтарында көрсетілген құжат сериясы; 5) 001.00.014 жолының G-тармағында - 001.00.014 жолының А, В, С-тармақтарында көрсетілген құжат нөмірі; 6) 001.00.014 жолының Н-тармағында - 001.00.014 жолының А, В, С-тармақтарында көрсетілген құжатты беру күні. 38. "Банк деректемелері" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді: 1) 001.00.015 жолында салық төлеушінің банк шоттары туралы ақпарат көрсетіледі: 001.00.015 жолының А-тармағында - банк атауы; 001.00.015 жолының В

тармағында - банктің сәйкестендіру коды (БСК); 001.00.015 жолының C тармағында - банктің СТН-ы; 001.00.015 жолының D тармағында - Облыстар мен аудандар анықтамалығына сәйкес банктің орналасқан орны;

дербес сәйкестендіру коды (ДСК) - 001.00.015 жолының E-тармағында ( ДСК-ғы белгілер саны - тоғыз). Өтініш нысанында бір банкте ашылған ДСК он екіге дейін көрсетуге болады және егер ДСК саны он екіден астам болса, онда 008.01 қосымша нысанын толтыру қажет.

2) егер ЖСК бір банктен астамда ашылған жағдайда - "х" белгісімен "Иә" тармағын және 008.01 қосымша нысанын толтыру, басқаша "х" белгісімен "Жоқ" белгілеу қажет. 39. 001.00.017 жолының "Өзге де мәліметтер" бөлімінде "х" белгісімен Өтініш беруші құрылтайшы болып табылды ма көрсетіледі. Егер 001.00.017 жолында "Иә" көрсетілсе, онда 008.03 нысанын толтыру қажет. 40. " Қоса берілетін құжаттар" бөлімінде Өтініш беруші өтінішке қоса берілген барлық құжаттарды көрсетеді. 41. "Салық органының белгісі" бөлімінде салық органы мынадай жолмен толтырады: 001.00.019-жолында - Салық төлеушінің куәлігін беру күні, сериясы мен нөмірі; 001.00.020-жолында - ҚҚС төлеушінің куәлігін беру күні, сериясы мен нөмірі; 001.00.021-жолында - Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру күні, сериясы мен нөмірі; 001.00.022-жолында - Салық төлеушіні есепке қою туралы Растауды беру күні, сериясы мен нөмірі; 001.00.023-жолында - тіркеуден бас тарту себебі мен күні; 001.00.024-жолында - салық органында өтінішке берілген тіркеу нөмірі; 001.00.025-жолында - Өтінішті беру жүргізілетін Облыстар мен аудандар анықтамалығына сәйкес салық комитетінің коды көрсетіледі. 7. Шаруа (фермер) қожалығы ретінде кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу туралы өтініш ( Қазақстан Республикасының резиденті) (002.00-нысан) 42. "Өтініш" бөлімінде салық төлеуші (Өтініш беруші) мынадай деректерді көрсетеді:

1) "Облыс/аудан (Облыстар мен аудандар анықтамалығын қараңыз)" өрісінде Өтініш беруші тіркелетін Облыстар мен аудандардың қоса берілген анықтамалығына сәйкес салық комитетінің кодын көрсетіңіз;

2) егер Өтініш берушіде салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) болса, онда оны 002.00.001 жолының A-тармағында көрсету қажет, егер Өтініш берушінің СТН-ы жоқ болса, онда "х" белгісімен "Жоқ" белгілеу қажет.

3) егер Өтініш беруші СТН алу мақсатында өтінішті толтырса, онда " Қазақстан Республикасының салық төлеушісін мемлекеттік тіркеу" 002.00.002 жолының A-тармағында "х" көрсету қажет. Салық кодексінің 521-бабының 4-тармағына сәйкес салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу кезінде, тіркеу есебіне қою жүргізілуі мүмкін, бұл жағдайда, "Тіркеу есебі" 002.00.002 жолының C-тармағында "х" көрсету қажет;

4) егер Өтініш берушінің СТН-ы болса, бірақ оның тіркеу деректерінде

өзгерістер болса, "Салық төлеушінің тіркеу деректерінің өзгеруі" 002.00.002 жолының В-тармағында "х" көрсету қажет, бұл жағдайда өзгерістер болған сол деректер ғана толтырылады;

5) егер Өтініш берушінің СТН-ы бар болса және ол Салық кодексінің 524-бабына сәйкес тіркеу есебіне тұрса, "Тіркеу есебі" 002.00.002 жолының С-тармағында "х" көрсету қажет;

6) егер Өтініш беруші Салық кодексінің 397-бабы және 531-бабына сәйкес қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін өтініш берсе, онда "х" белгісімен 002.00.004 жолының А-тармағы белгіленеді; егер Өтініш беруші Салық кодексінің 208-бабына сәйкес ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу үшін өтініш берсе "х" белгісімен 002.00.004 жолының В-тармағы белгіленеді; егер Өтініш беруші кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін өтініш берсе, онда "х" белгісімен 002.00.004 жолының С-тармағы белгіленеді. 002.00.004 бөлімінің барлық тармақтарының комбинацияларын толтыру мүмкін, "Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру (Кодекстің 397-бабы мен 531-бабына сәйкес)" тармағын белгілей отырып қажеттілік жағдайында "ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу" ( Кодекстің 208-бабына сәйкес) тармағы толтырылады;

7) 002.00.005-тармағында Салық кодексінің 69-бабына сәйкес салық төлеушінің салық есептілігін беру тәсілі көрсетіледі: электрондық түрде немесе қағаз тасығышта;

8) 002.00.006 жолының А-тармағында "х" белгісімен өтінішті жасау күніне салық төлеушінің электрондық құжаттармен алмасу кезінде Электрондық цифрлық қол қоюды пайдалану және тану туралы келісімі (бұдан әрі - Келісім) бар ма көрсету қажет;

9) егер 002.00.006 жолының А-тармағында "Иә" белгіленсе, онда 002.00.006 жолының В-тармағында Келісімнің нөмірін көрсету қажет;

10) егер 002.00.005 "А.Электрондық түрде", ал 002.00.006 жолының А-тармағында "Жоқ" тор көзі белгіленсе, онда Өтініш берушіге 009.00-нысан бойынша электрондық түрде салық есептілігін беру туралы өтінішті толтыру қажет.

43. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 002.00.007 жолының А-тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) 002.00.007 жолының В және 002.00.007 жолының С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілінде салық төлеушінің атауы және (немесе);

2) 002.00.008 жолының А-тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) 002.00.008 жолының В және 002.00.008 жолының С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілінде салық төлеушінің аты-жөні;

3) егер Өтініш беруші 002.00.008 жолында салық төлеушінің аты-жөнін

көрсетсе, онда 002.00.008 жолының D-тармағында оның туған күні көрсетіледі.

44. "Жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) егер Өтініш беруші Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алғысы келсе, онда "Иә" 002.00.009 жолында "х" белгісімен "Иә" толтырылады. Егер "Иә" белгіленсе, онда Өтініш берушіге Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алуға өтінішті толтыру қажет.

2) егер Салық кодексінің 397-бабына және 531-бабына сәйкес Өтініш берушінің тіркеуге жататын салық салумен байланысты объектілері мен салық салу объектілері бар болса, онда "х" белгісімен 002.00.010 жолында "Иә" көрсету және толтырылған 012, 022, 032, 042, 942-нысандарын өтінішке қосу қажет.

45. "Байланыс ақпараты" бөлімінде Өтініш беруші 002.00.011 жолында Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты орнының мекен-жайын көрсетеді.

46. "Салық органында Өтінішті беру үшін салық төлеушінің уәкілетті тұлғасы " бөлімінде Өтінішті беруші өтінішті беру үшін уәкілетті тұлға болуы жағдайында мынадай деректерді көрсетеді:

1) 002.00.012 жолының А-тармағында - салық төлеуші уәкілетті тұлғаның С Т Н - ы ;

2) 002.00.013 жолының А-тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) орыс немесе ағылшын тілдерінде 002.00.013 жолының В және С-тармақтарында салық төлеуші уәкілетті тұлғаның аты-жөні көрсетіледі; телефон нөмірі - 002.00.013 жолының D-тармағында; факс нөмірі - 002.00.013 жолының Е-тармағында.

47. "Басшы туралы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді к ө р с е т е д і :

1) 002.00.014 жолының А-тармағында басшының СТН-ы көрсетіледі;

2) 002.00.015 жолының А-тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) 002.00.015 жолының В және С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілінде а т ы - ж ө н і ;

3) 002.00.016 жолының А-тармағында басшының жеке басын куәландыратын құжат түрі "х" белгісімен белгіленеді; 002.00.016 жолының В-тармағында жеке басының куәлігі жоқ болған жағдайда өзге құжат көрсетіледі;

4) 002.00.016 жолының С-тармағында - Облыстар мен аудандар анықтамалығына сәйкес 002.00.016 жолының А және В-тармақтарында көрсетілген құжатты берген органның орналасқан орны;

5) 002.00.016 жолының D-тармағында - Ведомстволық анықтамалығына сәйкес 002.00.016А және В-тармақтарында көрсетілген құжатты берген орган в е д о м с т в о с ы ;

7) 002.00.016 жолының Е, F және G-тармақтарында - 002.00.016 жолының А және В-тармақтарында көрсетілген құжаттың сериясы, құжат нөмірі, құжатты

беру күні.

48. "Банк деректемелері" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 002.00.017 жолында салық төлеушінің банк шоттары туралы ақпарат көрсетіледі:

002.00.017 жолының А-тармағында - банк атауы;

002.00.017 жолының В-тармағында - банктің сәйкестендіру коды (БСК);

002.00.017 жолының С-тармағында - банк СТН-ы;

002.00.017 жолының D-тармағында - Облыстар мен аудандардың анықтамалығына сәйкес банктің орналасқан жері;

дербес сәйкестендіру коды (ДСК) - 002.00.017 жолының Е-тармағында ( ДСК-гі белгілер саны - тоғыз). Өтініш нысанында бір банкте ашылған ДСК тоғызға дейін көрсетуге болады және егер ДСК саны тоғыздан астам болса, онда 008.01 қосымша нысанын толтыру қажет. 2) егер ДСК бір банктен астамда ашылған жағдайда - "Иә" 002.00.018-тармағында "х" белгісімен белгілеу және 008.01 қосымша нысанын толтыру қажет. 49. "Өзге де мәліметтер" бөлімінде "х" белгісімен Өтініш беруші құрылтайшы болып табыла ма 002.00.019 жолында көрсету, егер "Иә" 008.03 қосымша нысанын толтыру қажет. 50. "Қоса берілетін құжаттар" бөлімінде Өтініш беруші өтінішке қоса берілген барлық құжаттарды көрсетеді. 51. "Салық органының белгісі" бөлімін салық органы мынадай жолмен толтырады: 002.00.021 жолында - салық төлеуші Куәлігін беру күні, сериясы мен нөмірі; 002.00.022 жолында - ҚҚС төлеуші Куәлігін беру күні, сериясы мен нөмірі; 002.00.023 жолында - жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы Куәлікті беру күні, сериясы мен нөмірі; 002.00.024 жолында - салық төлеушіні есепке қою туралы Растауды беру күні, сериясы мен нөмірі; 002.00.025 жолында - тіркеуден бас тарту себебі мен күні; 002.00.026 жолында - салық органында өтінішке берілген тіркеу нөмірі; 002.00.027 жолында Өтінішті беру жүргізілетін Облыстар мен аудандардың анықтамалығына сәйкес салық комитетінің коды көрсетіледі. 8. Жеке тұлғаны, оның ішінде жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу туралы өтініш (Қазақстан Республикасының резидент емесі) ( 003.00-нысан) 52. "Өтініш" бөлімінде салық төлеуші (Өтініш беруші) мынадай деректерді көрсетеді:

1) "Облыс/аудан (Облыстар мен аудандар анықтамалығын қараңыз)" өрісінде Өтініш беруші тіркелетін Облыстар мен аудандардың қоса берілген анықтамалығына сәйкес салық комитетінің кодын көрсетіңіз;

2) егер Өтініш берушіде салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) болса, онда оны 003.00.001 жолының А-тармағында көрсету қажет, егер Өтініш берушінің СТН-ы жоқ болса, онда "х" белгісімен "Жоқ" өрісін белгілеу қажет.

3) егер Өтініш беруші СТН алу мақсатында Өтінішті толтырса, онда "

Қазақстан Республикасының салық төлеушісін мемлекеттік тіркеу" 003.00.002 жолының А-тармағында "х" көрсету қажет. Салық кодексінің 521-бабының 4-тармағына сәйкес салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу кезінде, тіркеу есебіне қою жүргізілуі мүмкін, бұл жағдайда, "Тіркеу есебі" 003.00.002 жолының С-тармағында "х" көрсету қажет;

4) егер Өтініш берушінің СТН-ы болса, бірақ оның тіркеу деректерінде өзгерістер болған жағдайда, "Салық төлеушінің тіркеу деректерінің өзгеруі" 003.00.002 жолының В-тармағында "х" көрсету қажет, бұл ретте, өзгерістер болған сол деректер ғана толтырылады;

5) егер Өтініш берушінің СТН-ы бар болса және ол Салық кодексінің 524-бабына сәйкес тіркеу есебіне тұрса, "Тіркеу есебі" 003.00.002 жолының С-тармағында "х" көрсету қажет;

6) 003.00.003 жолында тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлік қызметін Өтініш беруші жүзеге асыра ма, "х" белгісімен белгіленеді;

7) 002.00.004 жолында тіркеу есебінің орны көрсетіледі; келу орны және (немесе) салық салынатын объектінің орналасқан жері және (немесе) қызметті жүзеге асыру орны.

8) егер Салық кодексінің 397-бабы және 531-бабына сәйкес қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін Өтініш беруші Өтініш берсе, онда 003.00.005 жолының А тармағы "х" белгісімен белгіленеді;

егер Өтініш беруші Салық кодексінің 208-бабына сәйкес ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу үшін өтініш берсе, онда 003.00.005 жолының В-тармағы "х" белгісімен белгіленеді;

егер Өтініш беруші кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін өтініш берсе, "х" белгісімен 003.00.005 жолының С-тармағы белгіленеді;

егер Өтініш беруші банкте шот ашу үшін өтініш берсе, онда 003.00.005 жолының D тармағы "х" белгісімен белгіленеді;

003.00.005 жолының барлық тармақтарының комбинациясын толтыру мүмкін , "Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру" (Кодекстің 397-бабына және 531-бабына сәйкес) А-тармағын белгілей отырып қажеттілік жағдайында "ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу (Кодекстің 208-бабына сәйкес)" тармағы толтырылады.

9) 003.00.006 жолында Салық кодексінің 69-бабына сәйкес салық төлеушінің салық есептілігін беру тәсілі көрсетіледі: электрондық түрде немесе қағаз тасығышта;

10) 003.00.007 жолының А-тармағында "х" белгісімен Электрондық құжат алмасу кезінде электрондық цифрлық қол қоюды пайдалану және тану туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) салық төлеушіде Өтінішті жасау күнінде баллды ма

көрсету қажет;

11) егер 003.00.007 жолының А-тармағында "Иә" өрісі белгіленсе, онда 003.00.007 жолының В-тармағында Келісім нөмірін көрсету қажет.

Егер 003.00.006 жолында "А.Электрондық түрде" өрісі, ал 003.00.007 жолында "Жоқ" белгіленсе, онда Өтініш берушіге 009.00 нысаны бойынша электрондық түрде салық есептілігін беру туралы өтінішті толтыру қажет.

53. "Кіру рұқсатнамасының деректері" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 003.00.008 жолында Қазақстан Республикасына келу мерзімі (егер айқындалса):

2) 003.00.009 жолында құжат (кіру рұқсатнамасы) сериясы, нөмірі мен беру күні.

54. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 003.00.010 жолының А-тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) 003.00.010 жолының В және С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілінде салық төлеушінің атауы, және (немесе); 2) 003.00.011 жолының А-тармағында және (немесе) 003.00.011 жолының В және С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілінде салық төлеушінің аты-жөні; 3) 003.00.012 жолында "x" белгісімен Өтініш беруші өтінішті жасау күніне құрылтайшы болып табыла ма көрсету қажет. Егер 003.00.012 жолында "Иә" көрсетілсе, онда 008.03 нысанын толтыру қажет. 55. "Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге асыру" бөлімінде 003.00.013 жолында "x" белгісімен Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге асырудың басталу күні белгіленеді: 003.00.013 жолының А тармағында мыналарға келісім-шартты (келісім шарттары) жасау күні; жұмыстарды, қызмет көрсетуді орындауға; іс-әрекеттер жасауға өкілеттік беру; өткізу мақсатында тауарларды сатып алу; бірлескен қызметті жүзеге асыру, жай серіктестікте қатысу; Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге асыру мақсатында жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) сатып алу;

003.00.013 жолының В тармағында Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғамен жеке еңбек шартын немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы өзге шартты жасау күні;

003.00.013 жолының С тармағында офисті ашуды көрсететін шартты жасау ( сатып-алу-сату шарты, мүлікті жалға алу туралы шарт) күні.

56. 003.00.014 жолында Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге асырудың басталу күні көрсетіледі.

57. "Жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

егер Өтініш беруші Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті

алғысы келсе, онда 003.00.015 жолында "х" белгісімен "Иә" толтырылады. Егер " Иә" өрісі белгіленсе, онда Өтініш берушіге Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алуға өтінішті толтыру қажет.

58. "Салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілер туралы" бөлімде егер, Салық кодексінің 397-бабына және 531-бабына сәйкес тіркеуге жататын салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілері бар болса, онда "х" белгісімен 003.00.016 жолында "Иә" көрсету және 012, 022, 032, 042, 942 толтырылған нысандарын өтінішке қосу керек.

59. "Байланыс ақпараты" бөлімінде Өтініш беруші 003.00.017 жолында Қазақстан Республикасында болған орны бойынша мекен-жайын көрсетеді.

60. "Салық органында Өтінішті беру үшін салық төлеушінің уәкілетті тұлғасы " бөлімінде Өтінішті беруші өтінішті беру үшін уәкілетті тұлға болуы жағдайында, 003.00.018 жолында - салық органында өтініш беру үшін салық төлеушінің уәкілетті тұлғасы туралы мәлімет көрсетеді:

003.00.018 жолының А-тармағында салық төлеуші уәкілетті тұлғаның СТН-ы.

003.00.018 жолының В-тармағында мемлекеттік тілде немесе 003.00.018 жолының В немесе С-тармақтарында орыс тілінде не 003.00.018 жолының С немесе D-тармақтарында ағылшын тілінде уәкілетті тұлғаның аты-жөні;

003.00.018 жолының Е-тармағында - телефон нөмірі;

003.00.018 жолының Ғ-тармағында - факс нөмірі.

61. "Салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат деректемелері" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 003.00.019 жолының А және В-тармақтарында "х" белгісімен Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат түрі белгіленеді:

ҚР жеке басының куәлігі;

немесе шетел төлқұжаты;

003.00.019 жолының А және В-тармақтарында көрсетілген құжаттар жоқ болған жағдайда 003.00.019 жолының С тармағында өзге құжат көрсетіледі;

2) 003.00.019 жолының D-тармағында Облыстар мен аудандар анықтамалығына сәйкес 003.00.019 жолының А, В, С-тармақтарында көрсетілген құжатты берген органның орналасқан орны;

3) 003.00.019 жолының Е-тармағында Ведомстволық анықтамалығына сәйкес 003.00.019 жолының А, В, С-тармақтарында көрсетілген құжатты берген орган ведомствосы (егер құжат Қазақстан Республикасында берілген жағдайда);

4) 003.00.019 жолының Ғ тармағында - 003.00.019 жолының А, В, С-тармақтарында көрсетілген құжат сериясы; 5) 003.00.019 жолының G тармағында - 003.00.019 жолының А, В, С-тармақтарында көрсетілген құжат нөмірі; 6) 003.00.019 жолының Н тармағында - 003.00.019 жолының А, В,

С-тармақтарында көрсетілген құжатты беру күні. 62. "Резиденттік еліндегі байланыс ақпараты" бөлімінде Өтініш беруші 003.00.011 жолында Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты орнының мекен-жайын көрсетеді. 63. "Өзге де мәліметтер" бөлімінде Өтініш беруші "х" белгісімен олар болған жағдайда мынадай деректерді көрсетеді: 003.00.021 жолында - Өтініш берушінің банктік шоты бар ма, егер "Иә" болса, 008.01 қосымша нысанды толтыру қажет. 003.00.022 жолында - Өтініш берушінің құрылтайшылары бар ма, егер "Иә" 008.04 қосымша нысанын толтыру қажет; 003.00.023 жолында - Өтініш берушінің контрагенттері бар ма, егер "Иә" 008.04 қосымша нысанын толтыру қажет; 003.00.024 жолында - Қазақстан Республикасындағы өзге заңды тұлға немесе жеке тұлға Қазақстан Республикасындағы резидент еместің тұрақты мекемесі болып табыла ма, егер "Иә" 008.05 қосымша нысанын толтыру қажет; 003.00.025 жолында - Өтініш берушінің Қазақстан Республикасындағы салық салу объектілері (мүлкі) бар ма, егер "Иә" болса, 008.06 қосымша нысанын толтыру қажет. 64. 003.00.026 жолында "Қоса берілген құжаттар" бөлімінде Өтініш беруші өтінішке қоса берілген құжаттардың барлығын көрсетеді. 65. " Салық органының белгісі" бөлімінде салық органы мынадай жолмен толтырады: 003.00.027 жолында - салық төлеуші Куәлігін беру күні, сериясы мен нөмірі; 003.00.028 жолында - ҚҚС төлеуші Куәлігін беру күні, сериясы мен нөмірі; 003.00.029 жолында - жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы Куәлікті беру күні, сериясы мен нөмірі; 003.00.030 жолында - салық төлеушіні есепке қою туралы Растауды беру күні, сериясы мен нөмірі; 003.00.031 жолында - тіркеуден бас тарту себебі мен күні; 003.00.032 жолында - салық органында өтінішке берілген тіркеу нөмірі; 003.00.033 жолында - Өтініш беру жүргізілетін Облыстар мен аудандар анықтамалығына сәйкес салық комитетінің коды көрсетіледі. 9. Салық төлеушіні, заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікті, құрылымдық бөлімшені тіркеу туралы өтініш (Қазақстан Республикасының резиденті) (004.00-нысан) 66. "Өтініш" бөлімінде салық төлеуші (Өтініш беруші) мынадай деректерді көрсетеді : 1) "Облыс/аудан (Облыстар мен аудандардың анықтамалығын қараңыз)" өрісінде Өтініш беруші тіркелетін Облыстар мен аудандарын қоса берілген анықтамалығына сәйкес салық комитетінің кодын көрсетіңіз; 2) егер Өтініш берушіде салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) бар болса, онда оны 004.00.001 жолының А-тармағында көрсету қажет, егер Өтініш берушінің СТН-ы жоқ болса, онда "х" белгісімен "Жоқ" өрісін белгілеу қажет. 3) 004.00.002 жолында "х" белгісімен ұйым нысаны көрсетіледі: заңды тұлға; немесе филиал; немесе өкілдік ; немесе құрылымдық бөлімше.

4) егер Өтініш беруші СТН алу мақсатымен Өтінішті толтырса, онда " Қазақстан Республикасының салық төлеушісін мемлекеттік тіркеу" 004.00.003 жолының А-тармағында "х" көрсету қажет. Салық кодексінің 521-бабының 4-

тармағына сәйкес салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу кезінде, тіркеу есебіне қою жүргізілуі мүмкін, бұл жағдайда, "Тіркеу есебі" 004.00.003 жолының С-тармағында "х" көрсету қажет;

5) егер Өтініш берушінің СТН-ы бар болса, бірақ оның тіркеу деректерінде өзгерістер болса, "Салық төлеушінің тіркеу деректерінің өзгеруі" 004.00.003 жолының В-тармағында "х" көрсету қажет, бұл жағдайда, олар бойынша өзгерістер болған сол деректер ғана толтырылады;

6) егер Өтініш берушінің СТН-ы бар болса және ол Салық кодексінің 524-бабына сәйкес тіркеу есебіне тұрса, "Тіркеу есебі" 004.00.003 жолының С-тармағында "х" көрсету қажет;

7) 004.00.004 жолында "х" белгісімен мыналар бойынша тіркеу есебіне қою көрсетіледі:

орналасқан жері;

және (немесе) салық салынатын объектінің орналасқан жері;

және (немесе) қызметті жүзеге асыру орны.

8) егер Өтініш беруші Салық кодексінің 397-бабы және 531-бабына сәйкес қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін Өтініш берсе, онда "х" белгісімен 004.00.005 жолының А-тармағы белгіленеді; егер Өтініш беруші Салық кодексінің 208-бабына сәйкес ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу үшін Өтініш берсе, 004.00.005 жолының В-тармағын "х" белгісімен белгіленеді; егер Өтініш беруші кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін өтініш берсе, онда "х" белгісімен 004.00.005 жолының С-тармағы белгіленеді. 004.00.005 жолының барлық тармақтарының комбинацияларын толтыру мүмкін, "Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру (Кодекстің 397-бабы мен 531-бабына сәйкес)" А-тармағын белгілей отырып қажеттілік жағдайында "ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу (Кодекстің 208-бабына сәйкес)" В-тармағы толтырылады;

9) 004.00.006 жолында Салық кодексінің 69-бабына сәйкес салық төлеушінің салық есептілігін беру тәсілі көрсетіледі: электрондық түрде немесе қағаз тасығышта;

10) 004.00.006 жолының С-тармағында "х" белгісімен өтінішті жасау күніне салық төлеушінің Электрондық құжаттар алмасу кезінде электрондық цифрлық қолды пайдалану мен тану туралы келісімі (бұдан әрі - Келісім) бар ма көрсету қажет;

11) егер 004.00.006 жолының С-тармағында "Иә" өрісі белгіленсе, онда 004.00.006 жолының D тармағында Келісімнің нөмірін көрсету қажет;

12) егер 004.00.006 жолында "А.Электрондық түрде" өрісінде, ал 004.00.006 жолының С-тармағында "Жоқ" белгіленсе, онда Өтініш берушіге 009.00-нысан бойынша электрондық түрде салық есептілігін беру туралы өтінішті толтыру қажет.

67. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 004.00.007 жолының А-тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) 004.00.007 жолының В және С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілінде салық төлеушінің атауы; 2) 004.00.008 жолында - өтінішті жасау күніне Өтініш берушінің қызметтің негізгі үш түрі; 3) 004.00.009 жолында - 004.00.008 жолына сәйкес қызметтің негізгі үш түрлерінің үлес салмағы. 68. "Байланыс ақпараты" бөлімінде Өтініш беруші 004.00.010-жолында Қазақстан Республикасындағы салық төлеушінің заңды мекен-жайын көрсетеді. 69. "Басшы туралы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді: 1) 004.00.011 жолында - басшы СТН-ы; 2) 004.00.011 жолының В-тармағында мемлекеттік тілде және ( немесе) 004.00.011 жолының С және D-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілдерінде аты-жөні; 3) 004.00.011 жолының Е және Ғ тармақтарында - байланыс телефонының нөмірі, байланыс факсінің нөмірі.

70. "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша жауапты қызметкер жөніндегі ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 004.00.012 жолының А-тармағында - басшы СТН-ы;

2) 004.00.012 жолының В, С, D-тармақтарында - аты-жөні;

3) 004.00.012 жолының Е және Ғ-тармақтарында - байланыс телефонның нөмірі, байланыс факсінің нөмірі.

71. "Қазақстан Республикасының әділет органдарындағы мемлекеттік ( есептік) тіркеу туралы мәлімет" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 004.00.013 жолында - Облыстар мен аудандар анықтамалығына сәйкес әділет тіркеуші органының орналасқан орны;

2) 004.00.014 жолында - мемлекеттік тізілімде тіркеу нөмірі мен күні;

3) 004.00.015 жолында - ұйымдастыру-құқықтық нысаны;

4) 004.00.016 жолында тиісті тор көзде "х" белгісімен меншік нысаны көрсетіледі; егер Өтініш беруші мынадай нысандардың біреуін белгілемеген жағдайда: жеке меншік, республикалық меншік, коммуналдық меншік, онда 004.00.016 жолының D-тармағында меншіктің өзге нысанын көрсету қажет.

72. "Статистика органдарының мәліметі" бөліміндегі 004.00.017 жолында КМЖЖ статистикасының сәйкестендіру коды көрсетіледі.

73. "Салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілер туралы мәлімет" бөлімінде егер, Өтініш беруші Салық кодексінің 397-бабына және 531-бабына сәйкес салық салу объектілері мен салық салумен байланысты объектілері бар болса, онда "х" белгісімен 004.00.018 жолында "Иә" көрсету және 012, 022, 032, 042, 942 толтырылған нысандарын өтінішке қосу керек.

74. "Филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше құрған тұлға туралы мәлімет"

бөлімінде өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 004.00.019 жолында филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше құрған тұлға Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табыла ма көрсетіледі;

2) Елдер Анықтамалығына сәйкес 004.00.020 жолының А-тармағында Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше құрған Қазақстан Республикасы резиденті емесінің тұрақты орналасқан ел коды көрсетіледі;

3) егер Елдер Анықтамалығында ел коды болмаған жағдайда, онда 004.00.020 жолының В тармағында елдің толық атауы көрсетіледі;

4) 004.00.021 жолында Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше құрған тұлғаның заңдық атауы көрсетіледі - 004.00.021 жолының А тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) 004.00.021 жолының В және С тармақтарында орыс және (немесе) ағылшын тілінде;

5) 004.00.022 жолында - 004.00.021 жолында көрсетілген тұлға СТН-ы.

75. "Салық төлеушінің банк деректемелері" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 004.00.023 жолында - салық төлеушінің банк деректемелері туралы ақпарат :

банк атауы - 004.00.023 жолының А-тармағында;

004.00.023 жолының В-тармағында - банктің сәйкестендіру коды (БСК);

004.00.023 жолының С-тармағында - банктің СТН-ы;

004.00.023 жолының D тармағында - Облыстар мен аудандар анықтамалығына сәйкес банктің орналасқан орны;

дербес сәйкестендіру коды (ДСК) - 004.00.023 жолының Е-тармағында ( ДСК-ғы белгілердің саны - тоғыз). Өтініш нысанында бір банкте ашылған ДСК тоғызға дейін көрсетуге болады және егер ДСК саны тоғыздан астам болса, онда 008.01 қосымша нысанын толтыру қажет.

2) егер ДСК бір банктен астамда ашылған жағдайда - "х" белгісімен 004.00.024 жолында "Иә" белгілеу және 008.01 қосымша нысанын толтыру қажет . 76. "Құрылтай және құрылтайшылық туралы мәлімет" бөлімінде Өтініш беруші "х" белгісімен 004.00.025 жолында көрсетеді, Өтініш берушінің егер құрылтайшысы "Иә" бар болса 008.02 қосымша нысанын толтыру қажет. 004.00.023 жолында "х" белгісімен Өтініш беруші құрылтайшы болып табыла ма, егер "Иә" 008.03 қосымша нысанын толтыру қажет. 77. 004.00.027 жолында Өтініш беруші Өтінішке қоса берілген барлық нысандарды көрсетеді. 78. "Салық органының белгісі" бөлімін салық органы мынадай жолмен толтырады: 004.00.028 жолында - салық төлеушінің Куәлікті беру күні, сериясы мен нөмірі; 004.00.029 жолында - ҚҚС төлеушінің Куәлікті беру күні, сериясы мен нөмірі; 004.00.030 жолында - Тіркеу есебі туралы растауды беру күні, сериясы мен

нөмірі; 004.00.031 жолында - тіркеуден бас тарту себебі мен күні; 004.00.032 жолында - салық органында өтінішке берілген тіркеу нөмірі; 004.00.033 жолында - Өтініш беру жүргізілетін Облыстар мен аудандардың анықтамалығына сәйкес салық комитетінің коды көрсетіледі. 10. Салық төлеуші заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікті, құрылымдық бөлімшені тіркеу туралы өтініш (Қазақстан Республикасының резидент емес) (005.00-нысан) 79. "Өтініш" бөлімінде салық төлеуші (Өтініш беруші) мынадай деректерді көрсетеді:

1) "Облыс/қала (Облыстар мен аудандардың анықтамалығын қараңыз)" өрісінде Өтініш беруші тіркелетін Облыстар мен аудандардың анықтамалығына сәйкес салық комитетінің кодын көрсету қажет;

2) егер Өтініш берушіде салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) болса, оны 005.00.001 жолында көрсету қажет, егер Өтініш берушінің СТН-ы жоқ болса, онда "х" белгісімен "Жоқ" белгілеу қажет.

3) 005.00.002 жолында "х" белгісімен ұйымдастыру нысаны көрсетіледі:

тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;

немесе тұрақты мекеме құрмастан Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;

немесе халықаралық ұйымдар;

немесе дипломатиялық және консулдық өкілдіктер.

4) 005.00.003 жолында тиісті тор көзде "х" белгісімен Өтініш беруші филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше болып табылуы көрсетіледі;

5) егер Өтініш беруші СТН алу мақсатында Өтінішті толтырса онда " Қазақстан Республикасының салық төлеушісін мемлекеттік тіркеу" 005.00.004 жолының А-тармағында "х" көрсету қажет. Салық кодексінің 521-бабының 3-тармағына сәйкес салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу кезінде, тіркеу есебіне қою жүргізілуі мүмкін, бұл жағдайда, "Тіркеу есебі" 005.00.004 жолының С-тармағында "х" көрсету қажет;

егер Өтініш берушінің СТН-ы болса, бірақ Өтініш нысанында жазылған оның тіркеу деректерінде өзгерістер болса, "Салық төлеушінің тіркеу деректерінің өзгеруі" 005.00.004 жолының В-тармағында "х" көрсету қажет, бұл жағдайда өзгерістер болған деректер ғана толтырылады;

егер Өтініш берушінің СТН-ы бар болса және ол Салық кодексінің 524-бабына сәйкес тіркеу есебіне тұрса, "Тіркеу есебі" 005.00.002 жолының С-тармағында "х" көрсету қажет;

6) 005.00.005 жолында тіркеу есепті жүргізу орны көрсетіледі:

орналасқан орны;

және (немесе) салық салу объектінің орналасқан орны;

және (немесе) қызметті жүзеге асыру орны;

және (немесе) жеке тұлғаның тұрғылықты орны.

7) егер Өтініш беруші тармақты белгілей отырып, Салық кодексінің 397-бабына және 531-бабына сәйкес қызметтің жеке түрлерін жүзеге асыру үшін Өтініш берсе, онда 005.00.006 жолының А-тармағы "х" белгісімен белгіленеді;

егер Өтініш берушінің Салық кодексінің 208-бабына сәйкес ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу үшін өтініш берсе, онда 005.00.006 жолының В-тармағы "х" белгісімен белгіленеді;

егер Өтініш беруші кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін өтініш берсе, онда 005.00.006 жолының С-тармағы "х" белгісімен белгіленеді;

егер Өтініш беруші банкте шотты ашу үшін өтініш берсе, онда 005.00.006 жолының D-тармағы "х" белгісімен белгіленеді.

005.00.006 жолының барлық тармақтарының құрамдастарымын толтыру мүмкін, "Қызметтің жеке түрлерін жүзеге асыру" (Кодекстің 397-бабына және 531-бабына сәйкес) А-тармағын белгілей отырып, қажеттілік кезінде және "ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу (Кодекстің 208-бабына сәйкес)" В-тармағы толтырылады;

8) 005.00.007 жолында - Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асырудың басталу күні;

9) 005.00.008 жолында - Қазақстан Республикасына келу мерзімі (егер белгілі болса);

10) 005.00.009 жолында - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес салық төлеушінің салық есептілігінің беру тәсілі көрсетіледі: электронды түрде немесе қағаз тасығышында;

005.00.009 жолының С-тармағында - салық төлеуші "х" белгісімен Электрондық құжаттармен алмасу кезінде электрондық сандық қол қоюды пайдалану және тану туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) өтінішті жасау күніне бар ма, көрсету қажет;

егер 005.00.009 жолының С-тармағында "Иә" белгіленсе, онда 005.00.009 жолының D тармағында Келісім нөмірін көрсету қажет;

егер 005.00.009 жолында "А.Электронды түрде" өрісі белгіленсе, ал 005.00.009 жолының С-тармағында "Жоқ" белгіленсе, онда Өтініш берушіге 009.00-нысан бойынша электронды түрде салық есептілігін беру туралы өтінішті толтыру қажет.

80. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 005.00.010 жолының А-тармағында - мемлекеттік тілде және (немесе) 005.00.010 жолының В және С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілінде салық төлеушінің атауы;

2) 005.00.011 жолында - өтініш толтыру күніне Өтініш берушінің қызметінің үш негізгі түрлері;

3) 005.00.012 жолында - 005.00.011-тармағына сәйкес қызметтің барлық үш негізгі түрінің үлес салмағы.

81. "Инкорпорация елінде Өтініш берушіні тіркеу туралы мәлімет" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректемелерді көрсетеді:

1) 005.00.013 жолында - Инкорпорация елінде Өтініш берушінің заңды мекенжайы (дипломатиялық өкілдіктерге тек ғана инкорпорация елінің коды көрсетіледі); 2) 005.00.014 жолында - Инкорпорация елінде Өтініш берушінің қызметінің үш негізгі түрлері; 3) 005.00.015 жолында - 005.00.014 жолына сәйкес қызметінің үш негізгі түрлерінің үлестік салмағы; 4) 005.00.016 жолында - инкорпорация елінде салық төлеушінің коды немесе бар болған кезде, оның аналогы. 5) 005.00.017 жолында - инкорпорация елінде тіркеу органының заңды атауы; 6) 005.00.018 жолында - инкорпорация елінде тіркеу органының заңды мекенжайы; 7) 005.00.019 жолында - инкорпорация елінде тіркеу нөмірі және тіркеу күні. 82. "Қазақстан Республикасында болу туралы мәлімет" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді: 1) 005.00.020 жолында - Қазақстан Республикасында Өтініш берушінің заңды мекен-жайы; 2) 005.00.021 жолында - Қазақстан Республикасында тіркеу режимінің ерекшелігі туралы мәлімет ( арнайы экономикалық аймағында, офшорлық аймағында); 3) 005.00.022 жолында - тіркеу органының орналасқан орны; 4) 005.00.023 жолында - тіркеу нөмірі және тіркеу күні; 5) 005.00.024 жолында - Қазақстан Республикасында Өтініш берушінің ұйымдастыру-құқықтық нысаны; 6) 005.00.025 жолында - Қазақстан Республикасында Өтініш берушінің меншік нысаны. 83. "Статистика органдарының мәліметі" бөлімінде Өтініш беруші 005.00.026 жолында Қазақстан Республикасының статистикасын сәйкестендіру коды. 84. "Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыру" бөлімінде 005.00.027 жолында "х" белгісімен Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асырудың басталу күні: 1) келісім шарт (шартты, келісімді) жасау күні: жұмыстарды орындауға, қызметті көрсетуге; іс-әрекет жасауға өкілеттік беруге; сату мақсатында тауарларды сатып алуына; бірлескен қызметті жүзеге асыруына, жәй серіктестікте қатысу; қызметті жүзеге асыру мақсатында жұмыстарды (қызмет көрсетуді) сатып алуына;

2) жеке еңбек шартын немесе Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғамен азаматтық-құқықтық сипаттағы өзге шартты жасау күніне;

3) офисті ашу туралы шартты (сатып алу-сату шартын, мүлікті жалға алу туралы) жасау күніне себебі көрсетіледі.

85. "Салық салумен байланысты объектілер және салық салу объектілері туралы мәлімет" бөлімінде Өтініш беруші, егер Салық кодексінің 397-бабына және 531-бабына сәйкес тіркеуге жататын салық салумен байланысты объектілерді және салық салу объектілері Өтініш берушіде бар болған жағдайда, "х" белгісімен "Иә" 005.00.028 жолында көрсетеді және толтырылған 012, 022,

032, 042, 942-нысандарды өтінішке қосады.

86. "Өтініш берушіні құрған тұлға туралы мәлімет" бөлімінде мынадай деректерді көрсетеді:

1) 005.00.029 жолында - Елдер Анықтамалығына сәйкес Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік, құрылымдылық бөлімшені құрған тұрақты орналасқан орнының ел коды. Егер, Елдер Анықтамалығында ел коды жоқ болған жағдайда, онда 005.00.029В тармағында елдің толық атауын көрсету қажет;

2) 005.00.030 жолының А-тармағында - мемлекеттік тілде және (немесе) 005.00.030 жолының В және С-тармақтарында орыс және (немесе) ағылшын тілінде филиал, өкілдік, құрылымдылық бөлімшені құрған тұлғаның заңды атауы ;

3) 005.00.031 жолында - Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік, құрылымдылық бөлімшені құрған тұлғаның тіркеу елінде (резидент еместерге) салық төлеушінің СТН-ы немесе сәйкестендіру коды.

87. "Басшы туралы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 005.00.032 жолында - басшының СТН немесе тіркеу елінде салық төлеушінің сәйкестендіру коды (резидент еместер үшін);

2) 005.00.033 жолында - егер, Елдер Анықтамалығында ел коды жоқ болса, Елдер Анықтамалығына сәйкес басшының тұрақты мекен-жайының ел коды;

3) 005.00.034 жолында - А-тармағында мемлекеттік тілдегі және (немесе) В және С-тармақтарында орыс немесе ағылшын тілдеріндегі басшының аты-жөні;

4) 005.00.035 жолында - басшының байланыс телефоны, байланыс факс нөмірі;

5) 005.00.036 жолында - басшының жеке басын растайтын құжаттың түрі, сериясы, нөмірі, берген күні.

88. "Бюджетпен есеп айырысу бойынша жауапты қызметкер туралы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 005.00.037 жолында - бюджетпен есеп айырысу бойынша жауапты қызметкердің СТН-ы немесе тіркеу елінде салық төлеушінің (резиденттер емес үшін) сәйкестендіру коды;

2) 005.00.038 жолында - егер, Елдер Анықтамалығында ел коды жоқ болған жағдайда, Елдер Анықтамалығына сәйкес бюджетпен есеп айырысулар бойынша жауапты қызметкердің тұрғылықты жер елінің коды;

3) 005.00.039 жолында - бюджетпен есеп айырысулар бойынша жауапты қызметкердің аты-жөні;

4) 005.00.040 жолында - бюджетпен есеп айырысулар бойынша жауапты қызметкердің байланыс телефонының нөмірі, байланыс факсінің нөмірі;

5) 005.00.041 жолында - бюджетпен есеп айырысулар бойынша жауапты қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, сериясы, нөмірі, беру к ү н і .

89. "Салық органына өтінішті беру үшін Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы туралы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 005.00.042 жолында - салық органына өтінішті беру үшін Өтініш беруші уәкілетті тұлғасының СТН-ы немесе тіркеу елінде салық төлеушінің ( резиденттер еместер үшін) сәйкестендіру коды;

2) 005.00.043 жолында - егер, Елдер Анықтамалығында ел коды жоқ болған жағдайда, Елдер Анықтамалығына салық органына өтінішті беру үшін Өтініш беруші уәкілетті тұлғасының тұрғылықты жер елінің коды, онда елдің толық а т а у ы н к ө р с е т у қ а ж е т ;

3) 005.00.044 жолында - салық органына өтінішті беру үшін Өтініш беруші уәкілетті тұлғаның аты-жөні; 4) 005.00.045 жолында - салық органына Өтінішті беру үшін Өтініш беруші уәкілетті тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, сериясы, нөмірі, беру күні. 90. "Салық төлеуші туралы өзге де мәлімет" бөлімінде Өтініш беруші "х" белгісімен олар бар болған жағдайда мынадай деректерді көрсетеді: 005.00.046 жолында - Өтініш берушінің банк мекемесінде шоты бар ма, егер "Иә" 008.01 қосымша нысанын толтыру қажет; 005.00.047 жолында - Өтініш берушінің құрылтайшысы бар ма, егер "Иә" 008.02 қосымша нысанын толтыру қажет; 005.00.048 жолында - Өтініш беруші құрылтайшы болып табыла ма, егер "Иә" 008.03 қосымша нысанын толтыру қажет; 005.00.049 жолында - Өтініш берушінің контрагенттері бар ма, егер "Иә" 008.04 қосымша нысанын толтыру қажет; 005.00.050 жолында - Қазақстан Республикасындағы өзге заңды тұлға немесе жеке тұлға Қазақстан Республикасы резидент емесінің тұрақты мекемесі болып табыла ма, егер "Иә" 008.05 қосымша нысанын толтыру қажет; 005.00.051 жолында - Өтініш берушінің Қазақстан Республикасындағы салық салу объектісі (мүлкі) бар ма, егер "Иә" 008.06 қосымша нысанын толтыру қажет. 91. 005.00.052 жолында "Қоса берілген құжаттар" бөлімінде Өтініш беруші Өтінішке қоса берілген барлық құжаттарды көрсетеді. 92. "Салық органының белгісі" бөлімін салық органы мынадай жолмен толтырады: 005.00.053 жолында - салық төлеушінің Куәлікті беру күні, сериясы мен нөмірі; 005.00.054 жолында - ҚҚС төлеушінің Куәлікті беру күні, сериясы мен нөмірі; 005.00.055 жолында - салық төлеушіні тіркеу есебіне қою туралы Растауды беру күні, сериясы мен нөмірі; 005.00.056 жолында - тіркеуден бас тарту себебі мен күні; 005.00.057 жолында - салық органында өтінішке берілген тіркеу нөмірі; 005.00.058 жолында - Өтінішті беру жүргізілетін Облыстар мен аудандар анықтамалығына сәйкес салық комитетінің коды көрсетіледі. 11. Салық төлеушіні, филиалды, өкілдікті, құрылымдық бөлімшені тіркеу туралы өтініш (

заңды тұлға толтырады) (006.00-нысан) 93. "Өтініш" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) "Облыс/аудан (Облыстар мен аудандардың анықтамалығын қараңыз)" өрісінде өтініш берілетін Облыстар мен аудандардың анықтамалығына сәйкес салық комитетінің (филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше тіркелуі тиіс салық комитеті) кодын көрсету;

2) 006.00.001 жолының А-тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) 006.00.001 жолының В және С тармақтарында - филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше құрған тұлғаның заңды атауы;

3) 006.00.002 жолының А-тармағында - филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше құрған тұлғаның СТН-ы;

4) 006.00.002 жолының В-тармағында - филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше құрған тұлғаның ҚҚС төлеуші Куәлігінің нөмірі және сериясы.

94. "Филиал, өкілдік, құрылымдық бөлімше туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) 006.00.003 жолында - филиалдың, өкілдіктің, құрылымдық бөлімшенің СТН-ы болған жағдайда көрсетіледі;

2) 006.00.004 жолында - Өтінішті толтыру себебі (салық төлеушіні (филиалды, өкілдікті, құрылымдық бөлімшені) мемлекеттік тіркеу, тіркеу деректерінің өзгеруі, тіркеу есебі);

3) 006.00.005 жолында - филиалды, өкілдікті, құрылымдық бөлімшені есепке қою (орналасқан жері, салық салынатын объектінің орналасқан жері, қызметті жүзеге асыру орны);

4) 006.00.006 жолында - қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін филиалды, өкілдікті, құрылымдық бөлімшені есепке қою, ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу, қызметті жүзеге асыру. 006.00.006 бөлімінің барлық тармақтарының комбинацияларын толтыру мүмкін, "Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру (Кодекстің 397-бабы мен 531-бабына сәйкес)" тармағын белгілей отырып қажеттілік жағдайында "ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу (Кодекстің 208-бабына сәйкес)" тармағы толтырылады;

5) 006.00.007 жолында - 006.00.007 жолының А-тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) 006.00.007 жолының В және С-тармақтарында орыс және ағылшын тілдерінде филиалдың, өкілдіктің, құрылымдық бөлімшенің атауы; 6) 006.00.008 жолында - тиісті тор көздерде "х" белгісімен ұйым нысаны көрсетіледі: филиал; немесе өкілдік; немесе құрылымдық бөлімше. 7) 006.00.009 жолында - Облыстар мен аудандардың анықтамалығына сәйкес филиалдың, өкілдіктің, құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері. 95. 006.00.010 жолында "Филиалдың, өкілдіктің, құрылымдық бөлімшенің басшысы туралы ақпарат" бөлімінде мыналар көрсетіледі: 1) басшы СТН-ы - 006.00.010 жолының

А-тармағында; 2) аты-жөні - 006.00.010 жолының В-тармағында мемлекеттік тілде және (немесе) орыс және ағылшын тілінде 006.00.010 жолының С және D-тармақтарында; 3) телефонның байланыс нөмірі және факс нөмірі - 006.00.010 жолының Е және Ғ-тармақтарында. 96. "Салық органының белгісі" бөлімін салық органы мынадай жолмен толтырады: 006.00.011 жолында - қажеттілік жағдайында өтініш берілген салық комитетінің коды; 006.00.012 жолында - өтінішті қабылдау орны бойынша салық органында өтінішке берілген тіркеу нөмірі. 12. Шаруа (фермер) қожалығы, жеке тұлға ретінде кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын, соның ішінде жеке кәсіпкерлікті, адвокаттық қызметті, жеке нотариалдық қызметті жүзеге асыратын салық төлеушіні есептен шығару туралы өтініш (007.00-нысан) 97. "Жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді: 1) 007.00.001 жолында - Өтініш берушінің СТН; 2) 007.00.002 жолында тиісті тор көзде "х" белгісімен Өтінішті толтыру себебі көрсетіледі: қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруды тоқтатуы (Кодекстің 397-бабы мен 531-бабына сәйкес); немесе ҚҚС төлеуші ретінде есептен шығарылуы; және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды тоқтатуы; және (немесе) салық салу объектісінің орналасқан орнының өзгеруі; және (немесе) қызметін жүзеге асыру орнының өзгеруі; және (немесе) адвокаттық қызметті жүзеге асыруды тоқтатуы; және (немесе) жеке нотариалды қызметті жүзеге асыруды тоқтатуы; және (немесе) орналасқан орнын өзгерту; және (немесе) салық төлеушінің СТН жарамсыз деп тану және дербес шоттарын біріктіру; 3) егер өтінішті Қазақстан Республикасының резидент еместері толтырса, онда 007.00.003 жолының тиісті тор көздерінде "х" белгісімен мыналар көрсетіледі: келісім-шартты (шартты, келісімді) жасау күнінің аяқталуымен байланысты 1-тармақта: жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулер; іс-қимыл жасауға өкілеттік беру; өткізу мақсатында тауарларды сатып алу; бірлескен қызметті жүзеге асыру, қарапайым серіктестікке қатысу; қызметті жүзеге асыру мақсатында жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) сатып алу;

Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғамен жеке еңбек шартын және азаматтық-құқықтық сипаттағы өзге шартты жасау күнінің аяқталуымен байланысты 2-тармақта;

3-тармақта офисті ашу туралы көрсететін шартты жасау (сатып алу-сату шарты, мүлікті жалдау туралы шарт) күнінің аяқталуымен байланысты;

4-тармақта Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыру мерзімінің бітуіне байланысты.

98. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші 007.00.004 жолында салық төлеушінің атауын немесе 007.00.005 жолының А, В, С-тармақтарында Салық төлеушінің аты-жөнін көрсетеді.

99. "Тіркеу деректерінің өзгеруіне байланысты есептен шығару" бөлімінде

Мәлімдеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 007.00.006 жолында 007.00.007 жолының A, B, C-тармақтарында көрсетілген салық органдарында тіркеу есебінен шығару туралы өтінішті беру үшін өтініш қабылдау орны бойынша салық комитетін уәкілетті етеді ме, көрсету қажет;

2) 007.00.007 жолында мынадай өзгерістерге байланысты есептен шығару себебі:

тұрғылықты жері. Бұл жағдайда, 007.00.007 жолының A-тармағында "Салық комитетінің коды" өрісінде Өтініш беруші есептен шығатын салық комитетінің кодын, ал 007.00.007 жолының D-тармағында Өтініш беруші тұрғылықты орны бойынша есепке тұрған салық комитетінің кодын көрсету;

қызметін жүзеге асыратын орны. Бұл жағдайда, 007.00.007 жолының B-тармағындағы "Салық комитетінің коды" өрісінде Өтініш беруші есептен шығатын салық комитетінің кодын, ал 007.00.007 жолының E-тармағында Өтініш беруші қызметін жүзеге асыру үшін есепке тұрған салық комитетінің кодын көрсету;

салық салу объектісінің орналасқан орны. Бұл жағдайда, 007.00.007 жолының C-тармағындағы "Салық комитетінің коды" өрісінде Өтініш беруші есептен шығатын салық комитетінің кодын және 007.00.007 жолының F-тармағында Өтініш беруші салық салу объектісінің орналасқан орны бойынша есепке тұрған салық комитетінің кодын көрсету.

100. "Салық органында Өтінішті беру үшін салық төлеушінің уәкілетті тұлғасы" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді: 1) 007.00.008 жолының A-тармағында - уәкілетті тұлғаның СТН; 2) 007.00.008 жолының B, C, D-тармақтарында - уәкілетті тұлғаның аты-жөні; 3) 007.00.008 жолының E, F-тармақтарында - уәкілетті тұлғаның байланыс телефоны және факс нөмірі. 101. "Қазақстан Республикасындағы жаңа байланыс ақпараты" бөлімінде Мәлімдеуші 007.00.009 жолында - Қазақстан Республикасындағы салық төлеушінің жаңа тұрғылықты жері немесе орналасқан жері көрсетіледі. 102. "Салық төлеушінің СТН жарамсыз деп тану және дербес шоттарын біріктіру" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді: 1) 007.00.010 жолында - барлық бұрын иеленген СТН; 2) 007.00.011 жолында - дербес шот біріктірілетін СТН. 103. " Салық органының белгісі" бөлімі мынадай үлгіде толтырылады: 007.00.012 жолында - ҚҚС салық төлеушінің Куәлігі берілген күн, сериясы және нөмірі; 007.00.013 жолында - Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің берілген күні, сериясы және нөмірі; 007.00.014 жолында - өтініш берілетін салық органдарының коды; 007.00.015 жолында - тіркеу есебі жүзеге асырылуы қажет салық органдарының коды; 007.00.016 жолында - салық төлеушінің дербес шоттарының көшірмелері берілетін салық комитеттерінің коды; 007.00.017

жолында - дербес шоттар біріктірілетін СТН; 007.00.018 жолында - тарату декларациясы берілген бюджет сыныптамасына сәйкес салық және міндетті төлемдер коды; 007.00.019 жолында - тіркеу есебінен шығарған күн; 007.00.020 жолында - өтініш қабылдау орны бойынша салық органында Өтінішке берілген тіркеу нөмірі. 13. Заңды тұлға салық төлеушіні, филиалды, өкілдікті, құрылымдық бөлімшені есептен шығару туралы өтініш (008.00-нысан) 104. "Жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді: 1) 008.00.001 жолында - Өтініш берушінің СТН; 2) 008.00.002 жолында - өтінішті толтырудың себебі: қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруды тоқтатуы ( Кодекстің 397 бабы мен 531-бабына сәйкес); және (немесе) ҚҚС төлеуші ретінде есептен шығарылуы; және (немесе) қызметті жүзеге асыруды тоқтату; және ( немесе) бірігу (қайта құру); және (немесе) қызметті жүзеге асыру орнының өзгеруі; және (немесе) ұйымды бөлу (қайта құру); және (немесе) орналасқан орнының өзгеруі; және (немесе) салық салу объектісі орналасқан жерінің өзгеруі; және (немесе) тарату, банкроттық; және (немесе) салық төлеушінің СТН жарамсыз деп тану және дербес шоттарын біріктіру. 3) егер өтінішті Қазақстан Республикасының резидент еместері толтырса, 008.00.003 жолында - аяқталумен байланысты Өтінішті толтыру себебі көрсетіледі: 008.00.003 жолының 1-тармағында келісім-шарттың (шарттың, келісімнің) күні мыналарға көрсетіледі: жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулер; және (немесе) іс-қимыл жасауға өкілеттік беру; және (немесе) өткізу мақсатында тауарларды сатып алу; бірлескен қызметін жүзеге асыру, қарапайым серіктестікке қатысу; қызметті жүзеге асыру мақсатында жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) сатып алу; 008.00.003 жолының 2-тармағында Қазақстан Республикасында жеке тұлғамен жеке еңбек шартын немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы өзге шартты жасау күні;

008.00.003 жолының 3-тармағында офисті ашу туралы көрсететін шартты жасау (сатып алу-сату шарты, мүлікті жалдау туралы шарт) күні;

008.00.003 жолының 4-тармағында Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыру мерзімі.

105. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөліміндегі 008.00.004 жолында салық төлеушінің атауы көрсетіледі.

106. "Тіркеу деректерінің өзгеруіне байланысты есептен шығару" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді:

1) 008.00.005 жолында Өтініш берушінің 008.00.006 жолының А, В, С-тармақтарында көрсетілген салық комитеттерінде тіркеу есебінен шығару туралы өтініші беру үшін өтініш қабылдау орны бойынша салық комитетін уәкілеттенетінін көрсету қажет.

2) 007.00.006 жолында - мынадай өзгерістерге байланысты есептен шығару себебі:

орналасқан орны. 008.00.006 жолының А-тармағындағы "Салық комитетінің коды" өрісінде Өтініш беруші есептен шығатын салық комитетінің кодын, ал 008.00.006 жолының D-тармағында Өтініш беруші орналасқан орны бойынша есепке тұрған салық комитетінің кодын көрсету (және/немесе);

қызметін жүзеге асыратын орны. 008.00.006 жолының В-тармағындағы " Салық комитетінің коды" өрісінде Өтініш беруші есептен шығатын салық комитетінің кодын, ал 008.00.006 жолының Е-тармағында Өтініш беруші қызметін жүзеге асыру үшін есепке тұрған салық комитетінің кодын көрсету ( және / немесе ) ;

салық салу объектісінің орналасқан орны. 008.00.006 жолының С-тармағындағы "Салық комитетінің коды" өрісінде Өтініш беруші есептен шығатын салық комитетінің кодын және 008.00.006 жолының F-тармағында Өтініш беруші салық салу объектісінің орналасқан орны бойынша есепке тұрған салық комитетінің кодын көрсету. 107. 008.00.007 жолында "Қазақстан Республикасындағы жаңа байланыс ақпараты" бөлімінде Мәлімдеуші Қазақстан Республикасындағы салық төлеушінің жаңа тұрғылықты мекен-жайы немесе орналасқан жерін көрсетеді. 108. "Салық төлеушінің СТН жарамсыз деп тану және дербес шоттарын біріктіру" бөлімінде Өтініш беруші мынадай деректерді көрсетеді: 1) 008.00.008 жолында - барлық бұрын иеленген салық төлеушінің СТН; 2) 008.00.009 жолында - дербес шот біріктірілетін салық төлеушінің СТН. 109. "Салық органының белгісі" бөлімін салық органы мынадай үлгіде толтырады: 008.00.010 жолында - ҚҚС салық төлеушінің Куәлігі берілген күн, сериясы және нөмірі; 008.00.011 жолында - есептен шығару үшін салық төлеушінің өтініші берілетін салық комитеттерінің коды; 008.00.012 жолында - тіркеу есебі жүзеге асырылатын салық комитеттерінің коды; 008.00.013 жолында - салық төлеушінің дербес шоттарының көшірмелері берілетін салық комитеттерінің коды; 008.00.014 жолында - дербес шоттар біріктірілетін СТН; 008.00.015 жолында - тарату декларациясы берілген бюджет сыныптамасына сәйкес салық және міндетті төлемдер коды; 008.00.016 жолында - салық төлеушіні тіркеу есебінен шығарған күн; 008.00.017 жолында - өтініш қабылдау орны бойынша салық органында өтінішке берілген тіркеу нөмірі. 14. "Салық төлеушінің банктік деректемелері туралы мәлімет" қосымша нысаны (008.01-нысан)

110. 008.01-нысаны салық төлеушіні тіркеу туралы өтінішке (001.00, 002.00, 003.00, 004.00, 005.00-нысандар) қосымша болып табылады.

111. "Жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініш берушінің СТН (008.01.001 жолындағы А-тармақ) және 008.01-нысанының жалпы парақ саны (008.01.001 жолындағы В-тармақ) көрсетіледі.

112. "Салық төлеушінің банктік деректемелері туралы мәлімет" бөлімі

әрқайсысы өзіне ағымдағы жолдың реттік нөмірін, есеп ашылған банктің атауын, оның БСК, СТН, Облыстар мен аудандар анықтамалығына сәйкес банк орналасқан аумақтың кодын, он екі банктік шоттарды қосып алатын алты дербес кіші бөлімдерден тұрады.

113. Егер бір банкте шот саны он екіден артық болса, онда бұрынғы банкті көрсете отырып, келесі ағымдағы жолды толтыруды жалғастыру қажет.

114. "Салық органының белгісі" бөлімін салық органы 008.01.002 жолында 008.01-нысаны қоса берілетін өтініштің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

115. Егер бланкілер және (немесе) банктік шоттар саны тиісінше алты және он екіден асып кетсе, онда нысанның бірінші бетінің жоғарғы бұрышындағы тиісті тор көзге ағымдағы парақтың реттік нөмірін көрсетіп, келесі бетте 008.01-нысанын толтыруды жалғастыру қажет.

### 15. "Салық төлеушінің құрылтайшылары туралы мәлімет" қосымша нысаны (008.02-нысан)

116. 008.02-нысаны салық төлеушіні тіркеу туралы өтінішке (001.00, 002.00, 003.00, 004.00, 005.00-нысандар) қосымша болып табылады.

117. "Жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініш берушінің СТН (008.02.001 жолындағы А-тармақ) және 008.02-нысанының жалпы парақ саны (008.02.001 жолындағы В-тармақ) көрсетіледі.

118. "Салық төлеушінің құрылтайшылары туралы мәлімет" бөлімі әрқайсысы өзіне ағымдағы жолдың реттік нөмірін және мынадай деректерді қосып алатын үш дербес кіші бөлімдерден тұрады: 008.02.002 жолында - резидент емес немесе резидент Өтініш берушінің құрылтайшысы болып табылады; А-тармағының 008.02.003 жолында - Елдер Анықтамалығына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті емесі құрылтайшының орналасқан елінің коды, егер Елдер анықтамалығында ел коды жоқ болса, онда В-тармағында елдің толық атауын көрсету қажет; 008.02.005 жолында - құрылтайшының заңды атауы; немесе 008.02.006 жолында - Өтініш берушінің құрылтайшысының аты-жөні; 008.02.007 жолында - құрылтайшының СТН немесе оның резидент емес үшін орналасқан еліндегі оның аналогы. 119. "Салық органының белгісі" бөлімін салық органы толтырады және 008.02.008 жолында 008.02-нысаны қоса берілетін өтініштің тіркеу нөмірі көрсетіледі. 120. Егер құрылтайшылар саны үштен асып кетсе, онда нысанның бірінші бетінің жоғарғы бұрышындағы тиісті тор көздерге ағымдағы парақтың реттік нөмірін көрсетіп, келесі бетте 008.02-нысанын толтыруды жалғастыру қажет. 16. "Салық төлеушінің құрылтайшылығы туралы мәлімет" қосымша нысаны (008.03-нысан)

121. 008.03-нысаны Салық төлеушіні тіркеу туралы өтінішке (001.00, 002.00, 003.00, 004.00, 005.00-нысандар) қосымша болып табылады.

